

ШЖҚ Облыстық жұпалы аурулар ауруханасы КМК «Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың
хаттамасы

№ 8 хаттама

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті

Өткізілген күні: 23.09.2025 жыл

Комплаенс офицер Ермектасов Р.Ж.

Қатысқандар: аурухана қызметкерлері

Күн тәртібі

Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті тосқауыл туралы баяндама
Жауапты: комплаенс офицер Ермектасов Р.Ж.

Кіріспе

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның әр саласына еніп, дамуға кедергі келтіретін,
Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті
мәселенің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және
қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге
дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің
жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да
Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі
басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдылықтарының бірі –
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып
табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан
Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің
қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар
жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын
қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және
адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам
қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін
камтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі

ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады. Қорытынды

Медицина саласындағы сыбайлас жемқорлық – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Әрбір азамат, әрбір медицина қызметкері бұл індетке қарсы тұруы керек. Адалдықты, әділдікті ұстанған қоғам ғана шынайы дамуға қол жеткізе алады.

Комплаенс офицер



Ермектасов Р.Ж.

Жиналыс хаттамасымен танысу парағы 23.09.2025 жыл

№	ФИО	кызметкер атауы	КОЛЫ
1	Токмаков-6 Мақсат	Заброс	Токмаков
2	Байзаев Дина Аманжолұлы	инженер бтг	Байзаев
3	Жаппасбаев Жанарбек Жабыр	оператор ЭВМ	Жаппасбаев
4	Нолатайбекова Аялбай мұраткер	сәлс	Нолатайбекова
5	Төшевбекова Айгерим Асылхан	сн.	Төшевбекова
6	Драмуханбетова Н.С.	расч. бух	Драмуханбетова
7	Смакова Л.С.	м.р. б.б.б.	Смакова
8	Кичишдинова А.С.	декан	Кичишдинова
9	Таймасов М.И.	вос.зак.м.	Таймасов
10	Ким Л.Р.	м.р. б.б.б.	Ким
11			
12			
13			
14			
15			
16			
17			
18			
19			
20			
21			
22			
23			
24			
25			
26			
27			